

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 18 қантардағы № 48 бұйрығы . Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 қантарда № 26565 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мынадай бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

1) "Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 42 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13281 болып тіркелген);

2) "Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2016 жылғы 29 қантардағы № 42 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрлің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 1277 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19642 болып тіркелген).

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Персоналды басқару және стратегия департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат жөне қоғамдық даму  
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК